

## Рейнис Рубенис ForteBank басқарма төрағасы лауазымын босатады

21 маусым 2022 жыл, Нұр-Сұлтан – ForteBank Директорлар Кеңесі Рейнис Рубенистің жеке себептермен басқарма төрағасы лауазымын мерзімінен бұрын босатуы туралы хабарлады. Рейнис Рубенис ForteBank басқарма төрағасы лауазымына 2022 жылдың 10 қаңтарында келді. Одан бұрын ол латвиялық ең ірі Swedbank Latvia банкін бес жыл бойы басқарған.

«Мен ForteBank-ті басқарғалы бері геосаяси ландшафт күрт өзгерді. Салдарынан мен және менің отбасым Латвиядан Қазақстанға көшу шешімімізді өзгерттік. Осы себептен мен банктағы қызметімді тоқтатуға мәжбүрмін және Латвияға ораламын. Банк дамуындағы қызу кезеңінде оның командасының мүшесі болғанымға қуаныштымын және барлық әріптестеріме шын жүректен алғысымды білдіремін. Осы күрделі уақытта біз комплаенс пен төмен тәуекелдер тактикасын қолдана отырып, бизнесті өсіру және дамыту үшін әрбір мүмкіндікті пайдаландық. Сонымен бірге мен Қазақстанның төл мәдениетін асқан қызығушылықпен танып білдім, жергілікті қаржы секторын зерттедім. Менің Forte-ге қосқан үлесім әр қарайғы өсімге негіз болады деп сенемін», - деді шешімін түсіндерген Рейнис Рубенис.

«Директорлар кеңесі Рейнистің мерзімінен бұрын лауазымын босату өтінішін түсіністікпен қабылдады. Әр басқарушы жұмысы мен жеке өмірі арасында баланс табуға тырысады. Табысты басқарушы - ең алдымен бақытты басқарушы. Директорлар кеңесі атынан Рейниске алғысымды білдіріп, алдағы мансабында табыс тілеймін» - деді ForteBank Директорлар кеңесінің төрағасы Елдар Әбдіразақов. 2022ж. 15 шілдесінен бастап ForteBank басқарма төрағасының міндетін басқарма төрағасының орынбасары Бекжан Пірматов атқаратын болады.

2022 жылдың бес айы ішінде ForteBank бизнестің негізгі көрсеткіштерінің прогрессивтік өсімін көрсетті. Банк активтері 8 пайызға, несие портфелі – 14,8 пайызға өсті, таза пайда 35 млрд теңгені құрады. Moody’s Investors Service халықаралық агенттігі банктің рейтингін «Тұрақты» болжамымен «Ba2» деңгейінде растады.

---

**БАҚ үшін байланыс: Еркін Үдербай, +7 777 731 99 33**